



"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Эстон Республикасы Үкіметінің арасындағы Халықаралық автомобиль қатынасы туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 25 шілде N 831

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Эстон Республикасы Үкіметінің арасындағы Халықаралық автомобиль қатынасы туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Эстон Республикасы
Үкіметінің арасындағы Халықаралық автомобиль қатынасы туралы
келісімді бекіту туралы

2000 жылғы 15 маусымда Астана қаласында жасалған Қазақстан
Республикасының Үкіметі мен Эстон Республикасы Үкіметінің арасындағы
Халықаралық автомобиль қатынасы туралы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Эстон Республикасы
Үкіметінің арасындағы Халықаралық
автомобиль қатынасы туралы

КЕЛІСІМ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен

екі жақты сауда-экономикалық қатынастардың қолайлы дамуын назарға ала

отырып және екі ел арасында, сондай-ақ олардың аумақтары арқылы транзитпен өтетін автомобиль қатынасын дамыту тілегін басшылыққа алып, өзара пайда мен табыс мақсатында осы Келісімді жасауды шешті.

1-бап

Осы Келісімге сәйкес халықаралық автомобиль қатынасы үшін ашық жолдар бойынша автокөлік құралдарымен екі ел арасында және олардың аумақтары арқылы транзитпен өтетін жолаушылар мен жүктердің тұрақты және тұрақты емес тасымалдары жүзеге асырылады.

I. ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛДАРЫ

2-бап

1. Жолаушыларды автобуспен тасымалдау осы Келісімге сәйкес, 3-бапта көрсетілген тасымалдарды есептемегенде, рұқсаттардың негізінде жүзеге асырылатын б о л а д ы .

2. Екінші Тарап мемлекетінің аумағына бос автобустармен кіру үшін 3-баптың 2-тармағында көзделген жағдайларды есептемегенде, сол елдің жеке рұқсаты қажет.

3. Жолаушыларды автобустармен тұрақты тасымалдау Тараптардың құзыретті органдары арасындағы келісім бойынша ұйымдастырылады.

4. Тараптардың құзыретті органдары осындай тасымалдауды ұйымдастыру туралы ұсыныстарды жазбаша түрде бір-біріне алдын ала береді.

5. Осы ұсыныстар тасымалдаушының (фирманың) атауы мен мекен-жайларына, жүру бағытына, қозғалыс кестесіне, тарифіне, тасымалдаушы жолаушыларды отырғызу және түсіруді жүргізетін аялдама мекендеріне, сондай-ақ тасымалдауды орындаудың белгіленген кезеңі мен тұрақтылығына қатысты мәліметтерден тұруы керек.

3 - б а п

1. Жолаушыларды автобустармен тасымалдауды орындауда:

а) егер жеке құрамның бір және сол тобы автобус тіркелген Тараптың аумағынан басталып және аяқталатын бүкіл сапар бойында бір автобуспен тасымалданса және мұндай жүру барысында жолаушылардың жеке құрамы өзгеріссіз қалса;

б) егер жеке құрамның бір және сол тобы автобус тасымалдаудан кейін

бос қайтқан жағдайда автобус тіркелген Тараптың аумағынан басталатын және екінші Тараптың аумағында аяқталатын бүкіл жүру бойында бір автобуспен бір бағытта тасымалданса рұқсат талап етілмейді.

Мұндай тасымалдаулар кезінде тұрақтыларды қоспағанда жолаушылардың тізімі талап етіледі.

2. Тасымалдаушы бұзылған автобусты пайдалануға жарамды бос шығатын басқа автобуспен ауыстырған жағдайда рұқсат талап етілмейді.

II. ЖҮКТЕРДІ ТАСЫМАЛДАУ

4-бап

1. Осы Келісімнің 5-бабында көзделген тасымалдарды қоспағанда екі ел арасындағы немесе олардың аумақтары бойынша транзитпен жүктерді тасымалдау Тараптардың құзыретті органдары берген рұқсаттар негізінде автокөлік құралдарымен жүзеге асырылады.

2. Әрбір тасымалдауға бір барып, қайту рейсін жасауға рұқсат беретін,

егер өзгесі рұқсаттың өзінде ескертілмесе жеке рұқсат беріледі.

3. Тараптардың құзыретті органдары жыл сайын бір-біріне өзара келісілген жүктерді тасымалдауға арналған рұқсат бланкілерінің санын беретін болады.

4. Әрбір автомобильге немесе автопоездге жеке рұқсат берілуі тиіс. Рұқсат бос автокөлік құралдары үшін де талап етіледі. Автопоездбен тасымалдаған кезде тек тартқыш үшін рұқсат қажет. Рұқсаттың қолданылуы - 1 күнтізбелік жыл.

5-бап

1. Осы Келісімнің 4-бабында көрсетілген рұқсаттар:

- а) қоныс аударған кезде жылжйтын мүлікті;
- б) жәрмеңкелер мен көрмелерді жайластыруға арналған экспонаттар, жабдықтар және материалдарды;
- в) көлік құралдарын, жануарларды, сондай-ақ спорт іс-шараларын өткізуге арналған әртүрлі керек-жарақтар мен мүліктерді;
- г) театр көріністері мен реквизиттерін, музыкалық аспаптарды, кино түсіру, радио- және теледидар бағдарламалары үшін жабдықтар мен керек-жарақтарды;
- д) қайтыс болған адамның денесі мен сүйегін;
- е) почтаны;
- ж) сынған автокөлік құралдарын;

з) табиғи апат кезінде жәрдем беру үшін медициналық жабдықтар мен дәрі-дәрмектерді;

и) автокөлік құралдарымен тіркемемен қоса жалпы рұқсат етілген салмағы 6 тоннадан аспайтын немесе рұқсат етілген пайдалы жүктемесі, тіркемені қосқанда 3,5 тоннадан аспайтын жүктерді тасымалдауды орындағанда талап етілмейді.

2. Осы Баптың 1-тармағының б), в) және г) тармақшаларында көзделген ерекшеліктер егер жүк автокөлік тіркелген елге қайтып келуге жататын немесе егер жүк үшінші елдің аумағына тасымалданатын болған жағдайларда ғана қолданылады.

6-бап

1. Бір Тарап мемлекетінің жүкпен немесе жүксіз жүрген автокөлік құралының көлемі немесе салмағы екінші Тарап мемлекетінің аумағында белгіленген нормадан асуы, сондай-ақ қауіпті жүктерді тасымалдау кезінде тасымалдаушы екінші Тараптың құзыретті органдарынан арнайы рұқсат алуы

тиіс.

Тараптардың құзыретті органдары осындай арнайы рұқсат беру туралы өтінішке, оны алған күнінен бастап 15 күннен кешіктірмей жауап беруі тиіс.

2. Егер осы Баптың 1-тармағында аталған арнайы рұқсат автокөлік құралының белгіленген бағыт бойынша қозғалысын көздесе, онда тасымалдау осы бағыт бойынша ғана жүзеге асырылуы тиіс.

III. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

7-бап

1. Бір Тарап мемлекетінің тасымалдаушысына екінші Тарап мемлекетінің аумағында орналасқан екі мекен арасында жолаушылар мен жүк тасымалдарын жүзеге асыру рұқсат етілмейді.

2. Егер бір Тарап мемлекетінің тасымалдаушысы екінші Тарап мемлекетінің құзыретті органынан арнайы рұқсат алса, ол екінші Тарап мемлекетінің аумағынан үшінші елдің аумағына, сонымен қатар үшінші елдің аумағынан екінші Тараптың аумағына тасымалдауды жүзеге асыра алады.

заңдарына сәйкес халықаралық тасымалдарды жүзеге асыруға рұқсат етілген тасымалдаушылар ғана орындайды.

2. Халықаралық тасымалдарды жүзеге асыратын автокөлік құралдарында өз елдерінің ерекше және тіркеу белгілері болуы тиіс.

3. Осы Келісімнің негізінде халықаралық тасымалдарды жүзеге асыру кезінде бір Тарап мемлекетінің тасымалдаушысы екінші Тарап мемлекетінің аумағында қолданылатын заңдар мен жол қозғалысы ережелерін сақтауға міндетті.

9-бап

Осы Келісіммен көзделген жүк тасымалдары нысандары жалпыға бірдей қабылданған халықаралық үлгіге сәйкес келетін тасымалдау құжаттары арқылы жүзеге асырылады.

10-бап

Автокөлік құралын жүргізушіде өзі жүргізетін автокөлік құралының санатына сәйкесті ұлттық немесе халықаралық жүргізуші куәлігі және автокөлік құралына ұлттық тіркеу құжаттары болуы тиіс.

1 1 - б а п

Осы Келісімнің негізінде бір Тарап мемлекетінің тасымалдаушылары Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңдарымен белгіленген автострадалардың жеке учаскелері, туннельдер, көпірлер және өзге де инженер-техникалық жол құрылыстары бойынша жүру үшін алынатын салықтарды, алымдар мен баждарды, сондай-ақ сол берілген жалпы салмағы мен білікке түсетін күштен асқаны үшін алымдар төлеуді қоспағанда екінші Тарап мемлекетінің аумағында жүзеге асатын жолаушылар мен жүк тасымалдары, сондай-ақ осы тасымалдарды орындайтын көлік құралдары жолдарды пайдалануға немесе күтіп-ұстауға қатысты салықтар мен алымдардан босатылады.

1 2 - б а п

Осы Келісімнің негізіндегі халықаралық тасымалдар тасымалды орындайтын автокөлік құралы әрбір Тарап мемлекеттің аумағына кіру сәтіне үшінші тұлғаларға келтірілуі мүмкін залалдан азаматтық жауапкершілікке қатысты сақтандырылған жағдайда рұқсат етіледі.

1 3 - б а п

Шекаралық, кедендік және санитарлық бақылауға қатысты екі Тарап қатысушылары болып табылатын халықаралық келісімдер мен конвенциялардың ережелері қолданылады.

Осы келісімдермен реттелмеген мәселелерді шешкен кезде әрбір Тарап мемлекеттерінің ішкі заңдары қолданылады.

1 4 - б а п

1. Ауыр науқастарды тасымалдау кезінде, жолаушылардың автобустармен тұрақты тасымалдары кезінде, сондай-ақ жануарлар мен тез бүлінетін жүктерді тасымалдау кезінде шекаралық, кедендік және санитарлық бақылау кезектен тыс жүзеге асырылады.

2. Осы Келісімнің ережелері Тараптар мемлекеттерінің кеден заңдарымен жүктерді әкету, әкелу және транзитпен өткізу рәсімдері үшін көзделген талаптарды орындауға ықпал етпейді.

1 5 - б а п

1. Осы Келісімнің негізіндегі тасымалдарды орындау кезінде енгізуге рұқсаттан, сондай-ақ кедендік ресімдеу үшін кедендік алымдардан және әкелу үшін кедендік баждардан екінші Тарап мемлекетінің аумағына әкелінетін:

а) әрбір автокөлік құралының моделіне көзделген қозғалтқыштарды қоректендіру жүйесімен технологиялық және конструктивті байланыстырылған сыйымдылықтарды, сондай-ақ жүк автокөлік құралдарына орнатылған арнаулы агрегаттар жұмысына технологиялық байланыстырылған қосымша сыйымдылықтардағы жанармай;

б) тасымалдау уақытында тұтынуға қажетті мөлшердегі жағармай материалдары;

в) халықаралық тасымалдарды жүзеге асыратын автокөлік құралын жөндеуге арналған қосалқы бөлшектер өзара босатылады.

2. Пайдаланылмаған қосалқы бөлшектер кері әкетуге жатады, ал ауыстырылған қосалқы бөлшектер не елден шығарылуы, не болмаса жойылуы, немесе келген мемлекеттің белгіленген тәртібімен өткізілуі керек.

1 6 - б а п

Тасымалдаушы осы Келісімнің ережелерін бір Тарап мемлекетінің аумағында бұзған жағдайда автокөлік құралы тіркелген елдің құзыретті органдары екінші Тарап мемлекетінің құзыретті органының өтініші бойынша бұзуға жол берген

тасымалдаушыға ішкі заңдарда көзделген шараларды қолданады.

Бір Тараптың құзыретті органының өтініші бойынша екінші Тараптың

құзыретті органы қолданған шаралары туралы хабарлайды.

Тарап мемлекеттерінің автотасымалдаушылары жасаған құқық бұзулары үшін болған елдің ұлттық заңдарына сәйкес жауапты болады.

17-бап

Осы Келісімнің орындалуын қамтамасыз ету және туындайтын даулы мәселелерді тезірек шешу мақсатында Тараптар Бірлескен Комиссия құрады. Бірлескен Комиссияның құрамына олардың мемлекеттерінің құзыретті органдарының өкілдері кіреді.

Бірлескен Комиссияның мәжілістері Тараптардың бірінің ұсынысы бойынша өткізіледі.

18-бап

1. Тараптар осы Келісімді түсіндіру мен қолдануға байланысты туындаған барлық даулы мәселелерді консультациялар мен келіссөздер арқылы шешеді.

2. Тараптар екі жақтың өзара келісімі бойынша осы Келісімге қажетті толықтырулар немесе өзгерістер енгізуі мүмкін. Осындай өзгерістер немесе толықтырулар оларды әрбір Тараптың бекітуі туралы хабарлайтын ноталармен алмасқан сәттен бастап күшіне енеді.

IV. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

19-бап

Осы Келісіммен, сондай-ақ екі Тарап та қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттармен және келісімдермен реттелмеген мәселелер әрбір Тарап мемлекетінің ішкі заңдарына сәйкес шешіледі.

20-бап

Осы Келісім Тараптардың жасасқан басқа халықаралық шарттары мен келісімдерінен шығатын құқықтары мен міндеттемелеріне ықпал етпейді.

21-бап

1. Осы Келісім, Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдердің орындалғаны туралы соңғы хабар алған күнінен бастап күшіне енеді.

2. Осы Келісім белгісіз мерзімге жасалды және Тараптардың бірі

дипломатиялық арналар бойынша екінші Тарапқа Келісімнің күшін жою туралы өзінің ниетін жазбаша хабарлаған күнінен бастап 90 күн ішінде өз күшін сақтайды.

3. Келісімге оның ажырамас бөлігі болып табылатын Атқарушы Хаттама қоса берілді.

Астана қаласында 2000 жылғы 15 маусымда әрқайсысы қазақ, эстон және орыс тілдерінде екі дана болып жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің жекелеген ережелері әртүрлі түсіндірілген жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтін негізге алынады.

Қазақстан Республикасының Эстон Республикасының
Үкіметі үшін Үкіметі үшін
Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Эстон Республикасы
Үкіметінің арасындағы Халықаралық автомобиль қатынасы
туралы келісімді қолдану туралы
АТҚАРУШЫ ХАТТАМА

Астана қаласында 2000 жылғы 15 маусымда қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Эстон Республикасы Үкіметінің арасындағы Халықаралық автомобиль қатынасы туралы келісімді қолдануға қатысты төмендегілер жөнінде уағдаластыққа қол жеткізілді:

1. Аталған Келісімнің мағынасында құзыретті органдар деп мыналар түсініледі:

Қазақстан Республикасының тарабынан

а) 2, 4, 7, 16 және 17-баптар бойынша

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі,
473000, Астана қаласы, Абай даңғылы, 49,
тел.: (3172) 32 62 67, факс: (3172) 32 10 58

б) 6-бап бойынша - Қазақстан Республикасының аумағында белгіленген нормалардан көлемі немесе салмағы асатын автокөлік құралының жүруі үшін арнайы рұқсатты Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитеті береді,

473000, Астана қаласы, Әуезов көшесі, 71,
тел.: (3172) 33 31 54, факс.: (3172) 33 33 14

Арнайы рұқсатты беру туралы тапсырыста:

а) тасымалдаушының атауы мен оның мекен-жайы;

б) көлік құралының маркасы, үлгісі және тіркеу нөмірі;

в) біліктердің, доңғалақтардың саны және олардың өзара орналасу сызбасы;

г) жүгі бар көлік құралының жалпы нақты салмағы, көлемі;

д) әрбір білікке түсетін күш;

е) жүгі бар көлік құралының ең кіші бұрылу радиусы;

ж) тиеу және түсіру орны, жүру бағыты, жүрудің болжамды уақыты және күні, мемлекеттік шекарадан өтетін жері;

з) талап бойынша жүгі бар көлік құралының нобайы көрсетілуі тиіс;

с) 6-бап бойынша - Қазақстан Республикасының аумағы бойынша қауіпті жүктерді тасымалдауда жүктердің барлық қауіпті кластары үшін арнайы рұқсатты Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі береді,

475000 Көкшетау қ., К. Маркс көшесі, 81

тел. (3162) 5-42-42, факс (316) 5-06-20;

Эстон Республикасының тарабынан

а) 2, 4, 7, 16 және 17-баптар бойынша

Эстон Республикасының Көлік және байланыс министрлігі

15081, Таллин қ., Виру 9

тел.: (372) 6397 613, факс: (372) 6397 606;

б) 6-бап бойынша - көлемі мен салмағы Эстон Республикасының аумағында белгіленген нормалардан асатын автокөлік құралының жүруі үшін арнайы рұқсатты Эстон шоссе жолдарының департаменті береді

10141, Таллин қ., Пярнусс шоссесі 24

тел. (372) 6 11 93 00, факс (372) 6 11 93 61

Арнайы рұқсатты беру туралы тапсырыста:

а) тасымалдаушының атауы мен оның мекен-жайы;

б) көлік құралының маркасы, түрі және тіркеу нөмірі;

в) біліктердің саны және олардың орналасуы;

г) жүгі бар көлік құралының көлемі мен салмағы;

д) жүк көтергіштігі;

е) әрбір білікке түсетін жүктеме;

ж) тиеу және түсіру орындарының мекен-жайы;

з) мемлекеттік шекарадан өтетін жері, күні және бағыты;

и) талап бойынша жүгі бар көлік құралының нобайы көрсетілуі тиіс.

с) 6-бап бойынша - Эстон Республикасының аумағы бойынша қауіпті жүктерді тасымалдау үшін арнайы рұқсатты:

Эстон Шоссе жолдарының департаменті береді

10141, Таллин қаласы, Пярнусс шоссесі, 24

тел. (372) 6 11 93, факс (372) 6 11 93 61

2. Осы келісімнің мағынасында түсінілуі тиіс:

2.1. "Тасымалдаушы" термині Тараптар мемлекетінің ішкі заңдарына сәйкес халықаралық тасымалдарды орындауға уәкілеттік алған кез-келген жеке және заңды

т ұ л ғ а н ы

б і л д і р е д і .

2.2. "Автокөлік құралы" термині:

жүктерді тасымалдау кезінде - жүк автомобилін, тіркемесі бар жүк автомобилін, автомобиль тапқышты немесе жартылай тіркемесімен тартқышты; жолаушыларды тасымалдау кезінде - автобусты, яғни жолаушыларды тасымалдауға арналған және жүргізуші орнын есептемегенде 8 отыратын орны бар автокөлік құралын, сондай-ақ теңдеме жүкті тасымалдауға арналған тіркемені білдіреді.

2.3. "Рұқсат" термині бір Тарап мемлекетінің автокөлік құралының екінші Тарап мемлекетінің аумағына/нан кіруіне, шығуына рұқсат беретін немесе екінші Тарап мемлекетінің аумағы арқылы транзитпен өтуге құқық беретін құжатты білдіреді.

2.4. "Тұрақты тасымалдаулар" Тараптар мемлекетінің автокөлік құралымен алдын-ала келісілген кесте, қозғалыстың бастапқы және соңғы мекендері мен аялдау мекендері көрсетілген жүру бағыты бойынша жүзеге асырылатын тасымалдарды б і л д і р е д і .

2.5. "Тұрақты емес тасымалдаулар" термині қалған барлық тасымалдарды білдіреді.

2.6. "Транзиттік тасымалдар" шығу және бару мекендері Тарап мемлекетінің аумағынан тыс орналасқан кездегі осы Тараптар мемлекетінің бірінің аумағы арқылы жолаушылар мен жүк тасымалдарын білдіреді.

3. Осы Келісімнің 4-бабының 2-тармағын орындау үшін тасымалдарды орындауға рұқсатты ол берілген тасымалдаушыны ғана пайдалану мүмкіндігі және оны басқа тұлғаға беруге болмайтындығы көзделеді.

4. Тараптардың құзыретті органдары үстіміздегі жылғы қарашаға дейін келесі жылға жоғарыда айтылған санаттар бойынша, өзара алмасуы үстіміздегі жылғы 1 желтоқсанға дейін жүргізілетін рұқсаттардың қажетті мөлшерін келіседі.

Үстіміздегі жылы берілген рұқсаттардың келесі жылғы 31 қаңтарға дейін күші бар.

5. Осы Келісімнің ережелеріне сәйкес талап етілетін рұқсаттар мен

басқа құжаттар солар жататын автокөлік құралында болуы тиіс және құзыретті бақылау органының талабы бойынша көрсетіледі.

Осы Атқарушы Хаттама әрқайсысы қазақ, эстон және орыс тілдерінде екі дана болып жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің жекелеген ережелері әртүрлі түсіндірілген жағдайда орыс тіліндегі мәтін негізге алынады.

Астана қаласында 2000 жылғы 15 маусымда жасалды.

Қазақстан Республикасының Эстон Республикасының

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.
Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК